

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиетті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) гылыми дәрежесін алу үшін Алиева Жапат Абильжановнаның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ШКІРІ

Қазақ әдебиетіндегі көне түркілік сарыны ұлттық әдебиеттанудың зерттеу нысанына айналғанына көп уақыт болғап жоқ. Откен ғасырдың орта тұсындағы әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі өткір көтеріліп, жекелеген ғалымдар (Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев), олар қалыптастырыған ғылыми мектеп өкілдері (М.Жолдасбеков, М.Мағауин, А.Қыраубаева) бір тұжырымға келген сон, аталған тақырып бойынша там-тұм зерттеулер жүргізіле бастады. Алайда, ол кезеңде көне түркілік әдеби жәдігерлерді қарастыруда ұлттық ұстанымдар мен ортақ түркілік руханият туралы сөз ету және оны нәтижелі оқыту мүмкіндігі болмады. Сол себепті қазақ әдебиетінің шығу тегі мен қалыптасу кезеңдерін айқындаудағы басты бағыт, ғылыми негіз болуға тиіс аталған тақырыпты түбекейлі зерттеу ісі тәуелсіздік алғаннан кейін барып пакты қолға алынды. Онда да көне түркілік сарын мен идеялардың қазақ әдебиетінде көрініс табуы әдебиеттің әр түрлі кезеңдеріндегі үрдіс ретінде жеке-жеке қарастырылды. Бұл зерттеулердің әдеби дамудың кезеңдік ерекшеліктерін айқындауда маңызы зор болғанымен, олар ұлттық әдебиеттің тұтас руханияттық келбеті мен тарихи ажырамас бірлігі тұрғысындағы өсіп, өркендеуін және ұлттық құбылыс ретіндегі сипатын, оның ғылыми-әдістемелік негіздерін толық ашып бере алмайтын еді.

Сөндықтан да Ж.А.Алиеваның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациялық жұмысы осы бағыттағы кешенді зерттеу жұмысы ретінде құнды болмақ. Көне түркілік сарынның әдебиет тарихының барлық кезеңдерінде көрініс табуын әдеби дамудың ерекше құбылысы ретінде қарастыру және оны оқытуудың ұстанымдары мен ғылыми-әдіснамалық жүйесін талдау да ғылыми-әдістемелік негіздерін толық ашып бере алмайтын еді.

Диссертациялық жұмыстың «Қазақ өлеңін тарихындағы көне түркілік ықпалдастық негіздері» атты бірінші тарауында ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы ноғайлы жырларындағы көне түркілік сарынның қалыптасуы, ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы акын-жыраулар поэзиясындағы түркілік идеялар мен қазіргі казақ әдебиетіндегі түркілік сарын мәселесі қарастырылған. Қазақ халқының дербес хандық мемлекет күрши, ұлт болып қалыптасу дәуіріндегі әдебиеттегі көне түркілік сарынның көркем ойлау жүйесі мен әдеби дәстүр жалғастығына тигізген әсері мен ықпалы нақты шығармалардан алынған мысалдармен дәйектелген. Батырлық дастандар мен өршіл рухты толғаулардағы ерлік, елдік тақырыбы мен дидактикалық сарындардың көне түркілік төркіні айқындалған.

Ал, «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытуудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» тақырыбындағы екінші тарауда қазақ

поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың педагогикалық, психологиялық және философиялық негіздері қарастырылған. Аталған тақырыпты әдеби-теориялық зерттеудегі ғылыми тұжырымының нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытудың ұстанымдарын әдістемелік тұрғыда саралау да зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра тусаді.

«Қазак поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі» атты үшінші тарауда қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі жан-жақты сараланып, білім мазмұны айқындалып, оқытудың инновациялық технологиялары тәжірибе жүзінде талданған.

Зерттеу жұмысын орындау барысында Ж.А.Алиеваның сауаттылығы және ізденгілтігі байқалды. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыпқа сай баяндалған. Диссертациялық жұмыста қаралып отырған мәселе толық әрі терең қарастырылған және зерттеу нысанына байланысты әрқылы деңгейде пікір білдіретін ғылыми еңбектер де мол қамтылған.

Алиева Жанат Абильжановнаның «Қазак поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай ғылыми стильде жазылған еңбек екенін ескере отырып, корғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекшісі:



S.B. Erjanova

Филология ғылымдарының
докторы, профессор
С.Б. Ержанова

Колы
Подпись

Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің кадр белгінін
бастығы

Заверено: Начальник отдела кадров Казахского
государственного женского педагогического
университета